

Талдықорған қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы № 400 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 9 шілдеде № 5558 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және де материалдық - техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес;

2) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Заңның 9-бабы 5-тармағына сәйкес пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары кемінде 800 метр арақашықтықта айқындалсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жетісу облысы Талдықорған қалалық мәслихатының **12.02.2024 № 16-94 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың "Әлеуметтік қорғау, заныштықты сақтау, азаматтардың құқықтары және қоршаған ортаны қорғау мәселелері" жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Талдықорған қалалық мәслихатының

сессия төрағасы

Талдықорған қалалық мәслихатының

хатшысы

С. Джансенгиров

Т. Ахажан

Талдыкорған қалалық мәслихатының
2020 жылғы "25" маусымдағы
шешіміне 1-косымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

№	Елді мекен	Б е й б і т жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар	Шекті толу нормалары	Материалдық-техни калық және ұйымдастырушылы қ қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
1	Талдықорған қаласы	"Ардагерлер" саябағы, Балпық би және Құрманов көшелерінің киялышы	200 адам	Жалпы аумағы – 13,16 га; - жарықтандыру; - электр қуат көзіне косылу нұктесімен қамтамасыз ету; -бейнебақылау камерасымен және бейнетүсірілім қондыргысымен қамтамасыз ету.
2	Талдықорған қаласы	"Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Жетісу " футбол клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының алдындағы алаң, Қабанбай батыр көшесі, 90/1	150 адам	Жалпы аумағы – 1317 ш. м.; -жарықтандыру; -электр қуат көзіне косылу нұктесімен қамтамасыз ету; -бейнебақылау камерасымен және бейнетүсірілім қондыргысымен қамтамасыз ету.
3	Талдықорған қаласы	"Женіс" саябағы, Н.Назарбаев данғылы бойындағы Қабанбай батыр ескерткішінің жанында	200 адам	Жалпы аумағы – 11 га; -жарықтандыру; -электр қуат көзіне косылу нұктесімен қамтамасыз ету; -бейнебақылау камерасымен және бейнетүсірілім қондыргысымен қамтамасыз ету.
		Шеру мен демонстрация маршруты -		

4	Талдықорған қаласы	<p>Н.Назарбаев даңғылы бойындағы "Медициналық колледж" қоғамдық көлік аялдамасынан Рұстембеков көшесіне дейін, әрі қарай Рұстембеков көшесімен "Жетісу облысының дene шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Жетісу " футбол клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының алдындағы аланға дейін</p>	250 адам	<p>Маршруттың ұзындығы - 2 км 07 м. - маршрут бойындағы көшенің жарығы бар; -бейнебақылау камерасымен және бейнетүсірілім кондыргысымен қамтамасыз ету.</p>
---	--------------------	--	----------	---

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Жетісу облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 12.02.2024 № 16-94 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Талдықорған қалалық мәслихатының
2020 жылғы "25" маусымдағы
шешіміне 2-қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі

Осы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі Заңның 8-бабына сәйкес әзірленді және бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар - Талдықорған қаласының жергілікті өкілді органы бейбіт жиналыстар өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар немесе жүру маршруты.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арнайы орындарда - сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мұдделеріне қатер төндірмейтін болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара.

Занды бұза отырып, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикеттеу өткізуге тыйым салынады.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге "Төтенше жағдай туралы", "Соғыс жағдайы туралы" және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланған кезде үйымдастыруышы және қатысушылар Заңның 5 және 6-баптарының талаптарын сактау қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК